

Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлауға әзірлік және өткізуге байланысты құжаттарды сақтаудың, мұрағатқа тапсырудың және жоюдың Ережесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы 1999 жылғы 2 қазандағы N 33/251 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 08 қазанда тіркелді. Тіркеу N 932. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2013 жылғы 25 маусымдағы № 13/210 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 25.06.2013 № 13/210 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту: Қаулының атауына өзгерту енгізілді - ҚР Орталық Сайлау комиссиясы төрағасының 2006.08.22 N 71/139 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2010.02.23 N 172/323 қаулыларымен.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 12-бабының б) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту: Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Орталық Сайлау комиссиясы төрағасының 2010.02.23 N 172/323 қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлауға әзірлік пен өткізуге байланысты құжаттарды сақтаудың, мұрағаттарға тапсырудың және жоюдың ұсынылған Ережесі бекітілсін.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Орталық Сайлау комиссиясы төрағасының 2006.08.22 N 71/139 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2010.02.23 N 172/323 қаулыларымен.

2. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының "Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлау жөніндегі құжаттарды сақтаудың тәртібі туралы" 1996 жылғы 19 наурыздағы N 51, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 6 мамырда тіркелген, тіркелу N 298 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Мәслихаттар депутаттарын сайлау жөніндегі аумақтық, округтік, учаскелік сайлау комиссиялары олардың қызмет процестерінде құралған құжаттарды сақтауға, есеп жүргізуге, өңдеу сапасына және пайдалануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тиісті сайлау комиссиясына, мемлекеттік мұрағаттарға

тапсыруға және белгіленген мерзімде жоюға жауапты болады.

4. Осы қаулы әкімдерге және мәслихаттар депутаттарын сайлау жөніндегі округтік, облыстық, қалалық, республикалық маңызы бар қала, Республика астанасы сайлау комиссияларына, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатына, Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне жіберілсін.

5. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі оны тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
О р т а л ы қ с а й л а у к о м и с с и я с ы н ы ң
т ө р а й ы м ы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
О р т а л ы қ с а й л а у к о м и с с и я с ы н ы ң
х а т ш ы с ы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
О р т а л ы қ с а й л а у к о м и с с и я с ы н ы ң
1 9 9 9 ж ы л ғ ы 2 қ а з а н д а ғы
N 3 3 / 2 5 1 Қ а у л ы с ы м е н
Б е к і т і л г е н

Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлауға әзірлік және өткізуге байланысты құжаттарды сақтаудың, мұрағаттарға тапсырудың және жоюдың Ережесі

Ескерту: Ереженің атауына өзгерту енгізілді - ҚР Орталық Сайлау комиссиясы төрағасының 2006.08.22 N 71/139 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2010.02.23 N 172/323 қаулыларымен.

1. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясында сақтауға, кейіннен Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатына тапсыруға мынадай құжаттар:

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы істерінің номенклатурасына сәйкес бекітілген қаулылары, мәжілістерінің хаттамалары, оған қоса қосымшалары және басқа да құжаттар;

Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлауға әзірлікке және өткізуге бөлінген республикалық бюджеттің қаржысын жұмсау туралы қаржылық есеп беру (N 2 нысан "Мекемелердің сметалық шығынының орындалуы туралы есеп");

Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлауға әзірлік

және өткізу кезеңінде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының бұзылғаны жөнінде азаматтардың Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына келіп түскен өтініштері;

Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлау жөніндегі сақтауға жатқызылмайтын құжаттарды жоюға шығару туралы акті жатқызылады (N 1 қ о с ы м ш а) .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрайымының 2005.04.08 N 155/221, 2006.08.22 N 71/139 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2010.02.23 N 172/323 қаулыларымен.

2. Аумақтық сайлау комиссиялары сайлаудың қорытындылары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялағаннан кейін тиісті облыстардың, қалалардың (республикалық маңызы бар қала, Республика астанасы), аудандардың мемлекеттік мұрағаттарына акті бойынша сақтауға мынадай құжаттарды :

аумақтық сайлау комиссиялары мәжілістерінің хаттамалары, оған қоса қосымшасы және басқа да құжаттарды;

мәслихаттар депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының тұрған орны мен олардың шекаралары көрсетілген сайлау округтерінің тізімдерін;

мәслихаттар депутаттарын сайлаудың қорытындылары туралы аумақтық сайлау комиссияларының хаттамаларын және оған қоса қосымшасын;

Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлау жөніндегі сақтауға жатқызылмайтын құжаттарды жоюға шығару туралы акті (N 1 қосымша)

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрайымының 2005.04.08 N 155/221, 2006.08.22 N 71/139 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2010.02.23 N 172/323 қаулыларымен.

3. Қазақстан Республикасының тиісті аумақтық сайлау комиссиялары сайлаудың қорытындылары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін округтік сайлау комиссиялары тиісті облыстардың, қалалардың (республикалық маңызы бар қала, Республика астанасы), аудандардың мемлекеттік мұрағаттарына акті бойынша сақтауға мынадай құжаттарды :

округтік сайлау комиссиялары мәжілістерінің хаттамалары, оған қоса қосымшасы және басқа да құжаттарды;

тиісті сайлау округі бойынша мәслихат депутаттығына кандидатты ұсыну жөніндегі қоғамдық бірлестіктің жоғарғы органы мәжілісінің хаттамасынан үзіндіні, соған сәйкес сол қоғамдық бірлестікті тіркеу туралы Республика Әділет

министрлігінде, облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала және Республика астанасы) әділет басқармасында қосымшасымен құжат көшірмесін;
мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың оған Қазақстан Республикасы Конституциясымен және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңымен қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау туралы округтік сайлау комиссиялары мәжілістерінің хаттамаларын;

Қазақстан Республикасы азаматының белгілі сайлау округі бойынша мәслихат депутаттығына кандидат ретінде дауысқа түсуге келісімі туралы өтінішін;

Қазақстан Республикасы азаматының белгілі сайлау округі бойынша мәслихат депутаттығына кандидат ретінде дауысқа түсуге ниеті туралы өтінішін;

мәслихат депутаттығына кандидаттардың сенім білдірген адамдарын және тіркеу туралы өтінішін;

мәслихат депутаттығына кандидаттардың өмірбаян деректерін;
мәслихат депутаттығына кандидаттардың сенім білдірген адамдарын және тіркеу туралы округтік сайлау комиссияларының хаттамаларын;

тиісті сайлау округі бойынша мәслихаттар депутаттарын сайлаудың нәтижелері жөнінде округтік сайлау комиссияларының хаттамаларын;

Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттығына кандидаттардың сайлау алдындағы бағдарламалары, плакаттар, парақшалар, ұрандар мен өзге де үгіттік баспа материалдарын;

Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлауға әзірлік және өткізу кезеңінде азаматтардың Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының бұзылғаны туралы округтік сайлау комиссияларына келіп түскен өтініштерін;

сайлау алдындағы үгіт қамтылған теле және радиобағдарламаларының бейне және дыбысжазбалары (хабар) тиісті бұқаралық ақпарат құралдарының редакцияларында және мәслихаттар депутаттарын сайлаудың қорытындыларын Қазақстан Республикасының тиісті аумақтық сайлау комиссиялары бұқаралық ақпарат құралдарында жариялағаннан кейін құпия ақпарат негізінде сақталады, тиісті облыстардың, қалалардың (республикалық маңызы бар қала, Республика астанасы), аудандардың мемлекеттік мұрағаттарына құнсыз негізде сақтауға тапсырады;

Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлауға әзірлік және өткізу кезеңінде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының бұзылғаны туралы азаматтардың Қазақстан Республикасының округтік сайлау

комиссиясына келіп түскен өтініштерін тапсырады;
сақтауға жатқызылмайтын құжаттарды жоюға шығару туралы акті (N 1 қ о с ы м ш а) .

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрайымының 2005.04.08 N 155/221 Қаулысымен.

4. Учаскелік сайлау комиссиялары дауыстарды санаудың қорытындылары туралы хаттамаларды тапсырғаннан кейін тиісті округтік сайлау комиссияларына акті бойынша мынадай құжаттарды:

учаскелік сайлау комиссиялары мәжілістерінің хаттамалары, оған қоса қосымшасы және басқа да құжаттарды;

мәслихат депутаттарын сайлау жөніндегі дауыс санаудың нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары;

Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлауға әзірлік және өткізу кезеңінде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының бұзылғаны туралы азаматтардың өтініштерін береді.

5. Мәслихаттар депутаттарын сайлау жөнінде қайта дауыс беруді өткізген жағдайда барлық деңгейдегі сайлау комиссияларында сайлау құжаттарын сақтаудың мерзімі Қазақстан Республикасының тиісті аумақтық сайлау комиссиялары сайлау нәтижелерін жарияланған уақыттан бастап есептеледі.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясы Төрайымының 2005.04.08 N 155/221, 2006.08.22 N 71/139 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2010.02.23 N 172/323 қаулыларымен.

6. Практикалық маңызын жойған құжаттар оларға алдын-ала сараптауды жүзеге асырған адамның растауымен және тиісті сайлау комиссиясы төрағасының бекітуімен акті бойынша жойылады (актінің нысаны қоса беріледі).

Мәслихаттар депутаттарын сайлау жөніндегі жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер мөрленген күйінде, соның ішінде өшірілген жекелеген бюллетеньдер, сондай-ақ сайлаушылардың тізімдері және оған сайлаудың қорытындылары анықталғаннан және жарияланғаннан кейінгі құжаттары акті б о й ы н ш а :

учаскелік сайлау комиссиялары тиісті округтік сайлау комиссияларына;
округтік сайлау комиссиялары аудандық және қалалық аумақтық сайлау к о м и с с и я л а р ы н а ;

аудандық, қалалық аумақтық комиссиялары сайлау қорытындылары жарияланғаннан кейін бір алты ай кезеңінде құпия ақпарат негізінде сақталатын аумақтық сайлау комиссиясының тұрған жері бойынша атқарушы өкімет органдарына тапсырады, содан кейін акті бойынша жойылады.

Жою, жағу, балқыту, мөлшері 2,5 шаршы сантиметр бөлшектерге майдалау, ұнтақтау, еріту немесе химиялық жайып салу, белгісіз жиынтыққа немесе ұнтаққа айналдыру жолымен жүргізіледі.

Жойылған, толық жойылмаған, олардың мазмұнын қалпына келтіруге болатын құжаттармен бөгде адамдарды таныстыруға болмайды.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 2004.02.17 N 97/118, 2005.04.08 N 155/221, 2006.08.22 N 71/139 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2010.02.23 N 172/323 қаулыларымен.

Қазақстан Республикасы мәслихаттарының
депутаттарын сайлауға әзірлікке және
өткізуге байланысты құжаттарды
сақтаудың, мұрағаттарға тапсырудың
е р е ж е с і н е

N 1 қосымша

АКТ	Б е к і т е м і н
а т а у ы	_____ сайлау
_____ N _____	(а т а у ы)
_____	комиссияның төрағасы
(толтырылған орыны)	Қолы Анық жазылған
_____ қолы	
Сақтауға	жатқызылмайтын
құжаттарды жоюға шығару	Уақыты
туралы	

(құжаттардың атаулары және олардың сақталу мерзімі
_____ негізінде

көрсетілген шығыс мәліметтерінің тізбесі)

N

(қ о р д ы ң а т а у ы)

қор құжаттарының ғылыми-тарихи құндылығы болмауынан және практикалық маңызының жоғалуынан жойылуға іріктелініп алынды. _____

|Р|Істің |Істің |Тізбелер |Номенклатура |Істің|Істі сақтаудың|Ес.
|е|тақыры.|уақыты|дің жыл. |бойынша істің|саны |мерзімі (том. |кер.
|т|бы неме|немесе|дық нөмі.|индексі (том.|(том.|дар, бөлімдер)|ту
т	се іс.	істің	рі (но.	дар, бөлім.	дар,	және тізбе
і	тің топ	соңғы	менклату.	дер) немесе	бөлік	бойынша мақа.
к	тық та.	уақыты	расы)	тізбе бойынша	тер)	лалар нөмірі
N	қырыбы			істің N		

1	2	3	4	5	6	7	8

Істің _____ жылғы _____ қорытындысы
(санмен және жазбаша)

Құжаттардың құндылығын сараптан өткізген
адамның лауазымының атауы

Уақыты Қолы Анық жазылған қолы

Істегі _____ құжаттар саны, салмағы _____ кг, _____
қабылдау-өткізу талап қағазы бойынша қайта өңдеуге _____ ден N _____

Құжатты тапсырған ұжым қызметкері
лауазымының атауы

Уақыты Қолы Анық жазылған қолы

Құпия негізде сақтаулы, алуға шектеу қойылған құжаттарды жағу
кезінде _____ қатысты.

С а й л а у к о м и с с и я с ы

өкілінің лауазымы Қолы Анық жазылған қолы